

2012 жылдың қазан-желтоқсанында азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Жаңақала ауданы әкімінің 2012 жылғы 27 қыркүйектегі № 214 қаулысы. Батыс Қазақстан облысы Әділет департаментінде 2012 жылғы 16 қазанда № 3095 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Жаңақала ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 18 қаңтардағы № 11 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Жаңақала ауданы әкімдігінің 18.01.2013 № 11 қаулысымен

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңын, Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Заңын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 1 наурыздағы N 274 "Әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке кезекті шақыру туралы" Жарлығы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы № 326 "Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 1 наурыздағы № 274 Жарлығын іске асыру туралы" қаулысы негізінде, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Жаңақала ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесі (келісім бойынша) арқылы әскерге шақыруды кейінге қалдыруға немесе одан босатылуға құқығы жоқ он сегіз жастан жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтарды, сондай-ақ оқу орындарынан шығарылған, жиырма жеті жасқа толмаған және әскерге шақыру бойынша әскери қызметтің белгіленген мерзімдерін өткермеген азаматтарды 2012 жылдың қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке шақыру ұйымдастырылсын және қамтамасыз етілсін.

2. "Батыс Қазақстан облысының әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының" Жаңақала аудандық орталық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынына (келісім бойынша) азаматтарды медициналық куәландырудан өткізу кезінде дәрі-дәрмектермен, керек-жарақтармен, медициналық және

шаруашылық мүлкімен қамтамасыз ету ұсынылсын.

3. "Батыс Қазақстан облысының Ішкі істер департаменті Жаңақала ауданының ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша) әскерге шақырылушылардың әскери бөлімдерге жөнелтілуі кезінде қоғамдық тәртіптің сақталуын қамтамасыз ету ұсынылсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Б. А. А т а у о в қ а жү к т е л с і н .

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі
КЕЛІСІЛДІ:

Л. Хайретдинов

"Батыс Қазақстан облысының
әкімдігі денсаулық сақтау
басқармасының "Жаңақала
аудандық орталық ауруханасы"
мемлекеттік коммуналдық
қазыналық кәсіпорынының
д и р е к т о р ы
_____ С. С. Уразғалиев

27.09.2012 ж.

"Жаңақала ауданының Қорғаныс
істері жөніндегі бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің
б а с т ы ғ ы
_____ А. А. Жубанышқалиев

27.09.2012 ж.

"Батыс Қазақстан облысының
Ішкі істер департаменті
Жаңақала ауданының ішкі
істер бөлімі" мемлекеттік
мекемесінің бастығы
_____ М. У. Мырзағалиев

27.09.2012 ж.